

TK 52  
M 86

БАҚЫТ МҮСТАФИН



20648

сәбіз  
тәтті

БАҚЫТ МҰСТАФИН

ТАТТИ



САБИЗ

*Әңгімелер*


020648

Бұт жинаққа енген әңгімелерде ауыл балаларының еңбек адамдарына, ата-анасына көмегі айтылады. Кітапта табиғат тамашалары, балалардың мінез-құлқы, достық қарым-қатынастары суреттелген.

М  $\frac{70802-125}{408(05) 79}$  75-79

072

© «Жалым» баспасы—1979 ж.



### ҚОС ҚУАНЫШ

Мектептен екі бірдей «бес» алып қайтқан Раушан бүгін тіпті қуанышты еді. Үйіне жеткенше асықты. Есіктен кірер-кірместе жүзі бал-бұл жанып күлімсіреп қоя берді. Мамасы қызының олжасын айтпай-ақ біліп мейірлене қарады.

— Неше «бес», балапаным?

— «Бес» екенін қайдан білдің?

— Күлкіңнен таныдым, құлыным.

— Екі бес. Математикадан, ана тілінен. Папамның туған күніне менің тартуым осы, мама. Өзің айтқансың.

— Тартуың тамаша! Кілең беске оқысаң арманыңа жетерсің, құлыным.

— Ылғи «бес» алған кісі арманына жете ме, мама?

— Неге жетпесін, жетеді.

— Мен папам жоқта он рет бес алдым. Қазір ғой құстай ұшып барып, папамды туған күнімен құт-

тықтасам. Арманым сол, мама! — Көктемгі егіс басталғалы папасын үйде сирек көріп жүрген Раушан сондай бір балалық сағынышты жүзбен терезеден алыс көкжиекке қарайды.

— Ондай арманның орындалуы оңай ғой, балапаным. Кешке-ақ папаңның мойнына асылып, құттықтарсың.

— Мен қазір құттықтағым келеді...

Төртіншіде оқитын Раушан осы сөзді айтып үлгерген жоқ, есік алдына совхоз директорының көгілдір «Волгасы» тоқтай қалды. Машинаның алдыңғы орындығында парторг отыр. Кейінгі есік сарт етіп ашылып, пионер вожатый шықты. Терезеден үңілген Раушан да, мамасы да таңырқап қалыпты. Тек пионер вожатый ішке кіріп, келген жағдайын айтқанда барып, екеуі де жадырап сала берді. Парторг тұқым себуде жүрген агрегаттарға барады екен. Жаңа мектепке кіріп, егіс озаттарына гүл шоқтарын тапсыратын екі-үш пионер сұрапты. «Бидай себу басталған күннен бері кілең бес алып жүрген пионер болсын» деп шарт қойыпты. Журналды ақтарып қарағанда Раушанның аты ауызға бірінші іліккенін айтсаңызшы. Соңғы аптада алған бағаларының бәрі де «бестік».

— Кәне, жүр. Мойныға қызыл галстугыңды так,— деп вожатый әлі киімін ауыстырып үлгермеген Раушанды асықтырды. Мамасының да, Раушанның да қатты қуанып кеткендері соншалық, бір-біріне үнсіз жымиып қарай береді.

— Раушан, тез, далада ағатайың тосып тұр,— деп мамасы қызының галстугын түзеп, арқасынан қағып ұзатып салды.

Машина ішінде озат оқушылар Ләйла мен Ләззат та отыр екен. Бұлар мінген көгілдір «Волга» ауылдан жүйткіп шығып, сонау көк белес қырқаларға қарай көсіле тартты. Машинаның жеңіл ғана шайқалақтап, доңғалағы жерге тимегендей ұшқыр заулағаны Раушанның кішкене көкірегіндегі қуаныш қанатын қақтыра түскендей еді. Айнала сағым селіне шомылған кең жазыққа қызыға қарайды ол. Соңдарында сеялка сүйретіп, шаң шұбалтқан тракторлар әр тұста жосылып, тақта-тақта алқаптарды ерсілі-қарсылы өрнектеп жүр. Машина екі қапталда қалып жатқан агрегаттардың біріне де бұрылмай тура тартты.

— Қосқа тура тарт. Бригадирді алайық қасымызға,— деген болатын парторг мана қозғала бергенде шоферға ескертіп.

Қос басына келіп тоқтаған «Волганы» көріп, бригадир бұларға қарай жедел басып келе жатты. Артқы орындықта отырған үш пионер — Раушан, Ләйла, Ләззат үшеуі де жарысқандай «Болаттың папасы» деп қалды танығандығын білдіріп.

— Ә-ә-ә, озаттарды құттықтауға пионерлер келген бе? Жүріңдер, жүріңдер. Мен сендерге дала батырларын көрсетейін,— деп бригадир жүзі нұрланып, көңілдене сөйледі. Парторгпен бір-екі ауыз тіл қатысты да, балалардың бірін тізесіне алып, ол да «Волганың» артқы орындығына жайғасты.

«Дала батырлары» деген сөзді естігенде балалар қозғалақтап қалысты. Көз алдарына бір алып тұлғалар елестеп кеткендей болды. Жанарларында балалық құмарлық, таңдану, қызығу бар. Бейне бір сол заңғар жандарды көргенше ынтыққандай әйнектен сыртқа қайта-қайта үңіліседі.

— Оңға бұрыл. Әне, анау жалауы желбіреген агрегатты тосайық. Бас балуан дегендей бас батырымыз Сайран деген тракторшы сол.— Бригадир осы есімді аузын толтырып мақтанышпен атағанда Раушан қуанғанынан алақанын шапалақтап жіберді.

— Папам!

— Иә, иә, сенің әкең, айналайын. Қызы мында отыр екен ғой,— деп бригадир манадан байқамағанына кешірім сұрағандай бұрылып Раушанға қарады.— Әкең күніне екі-екі жарым норма орындайды. Оқушылардың тілімен айтсақ кілең бес алып жүр. Ал, сен ше, қызым?

— Бұл пионерлердің бәрі де оқу озаттары,— деді парторг.— Бәрі де кілең беске оқитындар.

— Мынау қызық болды-ау, кәне, Раушан, айналайын, әкеңе гүлді сен тапсыр,— деп бригадир тіпті балаша қуанып, мәз болып қалды. Бұлар бір алқаптың басына тоқтап, машинадан түсті. Анадайдан үш агрегат қатар келе жатыр екен, үш пионер үш гүл шоғын ұстап, тракторшыларға тапсыруға әзірленіп жатты.

— Бұлардың үшеуі де қазір алда,— деп бригадир балаларға түсіндірген болады, ал олар вожа-

тый үйреткен создерді іштей қайталап, ұмытып қалмайық деп әуреленеді.

Даланың алыбындай арбиған «Кировецтер» соңында қатар-қатар тіркелген бес-алты сеялканы ұршықтай үйіріп, бұрылып келіп тоқтады. Биіктегі қабинадан төмен түскен тракторшылар үсті-басын қағынып бола бергенде, бұлар да жеткен еді. Парт-орг олардың әрқайсысының қолын қысып, пионерлерге атын атап, егіс озаты деп таныстырды. Пионерлер де қолдарындағы гүл шоқтарын тапсырып, диқандарды табыстарымен құттықтады. Кезек Раушанға келгенде секіріп папасының мойнына асылмақ болып еді, әкесі шаң жұқтырасың дегендей іркіліп, маңдайынан ғана сүйді.

— Папа, туған күніңмен құттықтаймын! Күнделігімде он «бестік» бар,— деді де Раушан тұрғандардан ұялып басқа ештеме айта алмады. Бірақ бұдан артық сөздің қажеті де шамалы еді. Қызының агрегат басына келіп құттықтағанына, гүл ұсынғанына әкесі қатты қуанды. Ал Раушан әлгінде ғана ойлаған арманы аяқ астынан шапшаң орындалғанына қайран қалып, қуанғанынан күле береді. «Кілең беске оқысаң орындалмайтын арман жоқ» деген мамасының сөзі де құлағынан кетпейді. Рас сияқты. Беске оқымаса мұның үйіне парторг ағай да, вожатый тәтей де келмес еді. Беске оқымаса агрегат басына да әкелмейді ғой. Осындай ойлармен тұрғанда папасының тракторына қайта бұрылғанын да аңдамай қалды.



Көгілдір «Волга» ауылға қарай беттеді. Көрген қызықтыры айту үшін Раушан үйіне жеткенше асығып келеді...

## ОСПАННЫҢ ЕРЛІГІ



Күздің соңғы күндері жауын-шашынды болып диқан қауымына жайсыз тиіп тұр. Кешегі сілбіген ақ жауынның арты жапалақ-жапалақ қарға айналып, таңертеңнен бері бүкіл адырға қыс көрпесін кестелеп тастады. Жылы үйде жаны рақат тауып, жайланып отырған кішкене Оспан күн ұзаққа терезеден көз алмады. Қолындағы кітабына анда-санда көз қырын салып қойып, жаттауға берген өлеңді суылда-тып соғады. Бір мезетте:

— Папам!— деп қуанып кетіп орнынан атып тұрды. Ауылдың ана шетінен дән саулайтын ұзын мойыны ырғайдай болып ырғала зырлап дала кемесі — әкесінің комбайны келе жатыр.

— Айғайлағаның не? Папаң да жетісіп келе жа-

тыр деймісің.— Пешті отпен қыздырып, нан илеп жүрген мамасы да терезеге үңілді. Қабағында кейістік үйіріліп тұр.— Апыр-ай, егін не болды?

Алып комбайнын дәл терезенің түбіне тоқтатып, үйге кірген папасы Самұраттың да жүзі сынық. Ма-лақайын шешіп, босағаға іле салып, Оспан ұсынған орындыққа отыра кетті.

— Бүгін тағы да тоқтадық,— деді ол кейістікпен.— Мына саз аттатпайды.

— Енді не болды? Есіл еңбек, қайран қалың ыр-зық-ай,— деді шешесі де.

Оспанның папасы су жаңа комбайнмен шалғысын жарқылдатып алғаш ораққа түскенде осы үйдің бар жаны қандай қуанды десеңші. Бірінші күндері тіпті балалары әкесін көре алмай қапыда қалып жүрді. Самұрат түнді аударып келіп, таң атпай тұрып кетеді.

— Папам қайда?— дейді балалары.

— Папаң батыр болайын деп жүр,— дейді шешесі күлімсіреп.

— Папам батыр болса мен де батыр боламын,— дейді екінші класта оқитын кішкентай Оспан. Бір күні түнде жаңбыр жауып, папасы үйде біраз бөгеліп қалды. Сонда Оспан әкесімен бірге комбайнды баптап, бүкіл барабан, біліктерді әбден шыршықта-лып, шырмалып қалған сабаннан тазалап шықты.

— Құлынымның табанды болатын түрі бар,— деп Самұрат сол күні ұлын мадақтай сөйледі.— Бүгін бір жосылтып келейін. Оспан тазалаған комбайн қалай екен?!

Айтқандай Самұрат сол жосылтқаннан бір тоқтамай үш күн бойы үйіне соқпады. Қос басында біраз мызғып алып, дәл бір баяғының батырларына темір тұлпармен ызғытып тарта беріпті. Төртінші күні комбайнын есік алдына әкеліп тоқтатып, өзі стол басында тамақ ішіп отырып қалғып кетті. Папасы үйде отырғанда Оспан есіктен ақырын шығып кетіп, тағы да тырмысып-тырбаңдап жүріп комбайнды тазалап қойыпты. Соңғы күндері жаңбыр бір айға айнала толас таппай, міне, арты қарға ұласты. Қаншама егін қар астында қалар қаупі бар. Әкесінің де, шешесінің де кейіп жүргені осы болатын.

— Миллиард бола ма биыл?— Шешесінің бұл сұрағына әкесінің жауабы сенімді.

— Е, осыншама астықты қар астында қалдырады дедің бе? Миллиардты мұрттан күліп қамбаға құярмыз. Бірақ күн бұлқынуға мұрша берсінші.

— Папа, жаңбырда егін жинайтын машина болса,— деді Оспан папасының жігерлі келбетіне қызыға түсіп, қиялға берілген қалпы.

— Оны сендер жасайсыңдар.

— Папа, егінді жаңбырда жинаса қайтеді?

— Су болған соң сабанның арасында қып-қызыл дән кетеді.— Бала ойланып қалды. Дәл бір қазір жаңа комбайн ойлап табатын тәрізді.

— Мен комбайнды тазалайын, папа?

— Жоқ, үйде отыр. Тоңасың.

— Тоңбаймын. Тоңсам үйге кіріп жылынып аламын.

— Сабағыңды оқыдың ба?

— Бәрін де оқыдым.— Оспан папасы істеп берген кішкене темір қалақшаларды алып, комбайнды саздан тазаламақ болып шығып кетті.

— Менің құлыным тазалаған тұлпардың тұяғын тот шалмайды. Кәне, көрейікші,— деп ертеңінде кешке жер дегди бастағанда-ақ Самұрат комбайнына от алдырып, жорық жасауылындай түн қатып тартып кетті. Содан ол үш күн кірпік ілмей бүкіл орақшылармен бірге жапанды жаңғыртып, ақыры егінді түгел жинаған соң, ауылға бір-ақ оралды. Сонда бүкіл ауыл көшеге шығып, диқандарды қуана қарсы алды. Қызыл жалау көтеріп, мерекедегідей сайран салды.

— Бұл ерлік!— десіп жұрт озық шыққан комбайншылардың атын атап думандатты.

Мектепте бірде диқандармен кездесу өткізіліп, сонда бригадир Амантай орақтың отты күндері туралы жырдай етіп хикая айтты да :

— Миллиард жорығына сендер де қатыстыңдар ма?— деп сұрақ қойды. Балалар ойланып қалды.

— Қырманға бардыңдар ма?

— Жоқ.

— Ағаларыңа, әкелеріңе көмектестіңдер ме?

Балалар тағы да үнсіз. Бір-біріне қарасады.

— Мен осында ораққа қатысқан бір баланы жақсы білемін. Ол күнде таңертең жаңбыр жауса да, қар жауса да комбайн қасында жүрді.

Балалардың назары енді Оспанға ауған. Оспан қызарақтап төмен қарайды.


— Балалар, табиғатпен күресте диқандар жеңіп шықты. Міне, сол жеңісте әкесінің қолқанаты болған Оспанның да үлесі бар. Сабағын кілең беске оқып, қиындықта көкесінің қолқанаты бола білген баланың қылығын не дейміз?— деп бригадир жас достарына жағалай қарады.

— Жақсы дейміз.

— Тың игеруші дейміз,— десіп жамырасты балалар. Бригадир оларға разы болып, тоқ етер түйінді өзі тұжырымдады.

— Ерлік! Оспанның ерлігі!— Балалар бұл жауапты күтпегендей Оспанға қарасты. Олар қарапайым істе де ерлік барын жаңа түсінгендей еді.

## ҚОРЫҚПАЙТЫН ҚАНАТ



Солтүстік Қазақстан өңіріндегі құтырынған қатты боранның бұрқап-бұрқап барып басылған бір мезеті болатын. Ауыл үйлерінің түтіні шудасын ширатып тік ұшады. Көшелерді көлденең кесіп, жал-жал теңкиген қалың күртіктер көсіліпті. Сол күртік таулардың төбесі қазір балалардың базарына айналған. Үсті-бастары ақ қарға көміліп бәрі сайранды салып жүр.

Қаладан қонаққа келген кішкене Қанат сол қызыққа терезеден құмарта қарап, тағы да далаға аңсары ауып тұрды. Жүгіріп шығып қазір-ақ құлындай ойнақ салып кетер еді, әттең суықтан қорқады. Мана есік алдына бір рет шығып еді, бүкіл бет-аузы

қолының мұрнын тартқыштап, дірдектеп оралды.

Ойбай, қолың домбығып кетіпті ғой,— деп мамасы оның қолын әрең жылытып алды.

Даладан бір құшақ суық ала кірген Әділге де әжесі ұрысып жатыр.

— Ана қонақты неге ойнатпайсың? Өзің ғана жүгіре бересің.

— Өзі ойнамайды. Суықтан қорқады,— деп Әділ де ақталып, өзінің тоңбайтынына мақтанған кейіппен қодыраңдап малмандай су болған биялайын пештің иығына қойды.

— Сен қорықпайсың ба?

— Біз қорықпаймыз. Қырық градус аязда да асыр салып ойнай береміз.

Әділдің мына сөзі Қанаттың намысына тигендей еді. Әрине, жаңағы қырық градус аязда ойнаймыз дегені артық болар. Бірақ бүгінгідей суықта ауыл балаларының асыр салып жүргені рас.

— Мама, енді суықтан қорықпаймын,— деді Қанат жылынған соң, тағы да далаға шығуға ыңғайланып.

— Әділ, ендеше екеуің анау күртік тауға шығып ойнаңдар. Қанат тоңып қалмасын,— деп мамасы Қанатты жылы киіндірді де, Әділге тапсырып бірге далаға жөнелтті.

Сыртта бораннан соңғы қалың қарды бекіткендей бетті шымшыған шыңылтыр аяз бар еді. Ауыздан шыққан лебің ақ бу болып бұрқырайды. Бетті қарыған аяз демінен тұла бойы түршігіп, Қанат есік алдынан ұзамай қалтып тұрып қалды.

— Жүр, күртiк тауға шығайық,— дейдi Әдiл қолынан жетектеп, бiрақ Қанат тартыншақтап көнбейдi. Суық тұла бойын кернеп бара жатқан сияқты.

— Тоңамын.

— Суықтан қорықпа. Қорықпай қимылдасаң тоңбайсың. Мiне, осылай жүгiршi,—деп Әдiл күртiк таудың басына жүгiрiп шығып, сырғанап қайта түстi. Тiптi, суықты елең қылар емес. Қанат, бiраз тұрған соң, алдымен саусақтарының басы мұздайын дедi. Сонсоң барып бiлегi тоңа бастады.

— Кәне, шанаға мiн,— деп Әдiл қонағын кiшкене шанасына мiнгiзiп алып сырғытып сүйреi жөнелдi. Зұлатып ауылдың басына қарай алып кеттi.

Шананың үстiнде қалың киiммен илiге алмай отырған Қанаттың алдынан жел соққанда ол тiптi жаурай түстi. Көзiнен жас парлап кеттi. Көшенiң басына келгенде жылап қоя бердi. Сол жылаған қалпы шанадан домалап түсiп қалды. Қолы илiкпеген соң биялайы да ұшып кеттi.

Бұл кезде балалар үйден едәуiр ұзап кеткен едi. Қанаттың қолы iсiнiп қып-қызыл болып қалыпты. Сасқалақтаған Әдiл жалма-жан ақ ұлпаны кесiп алып Қанаттың қолын қармен ысқылай бастады. Кiшкене Қанат жылауын одан бетер үдеттi.

— Жылама, қазiр қолың жылынады. Мә, биялайыңды ки!— деп Әдiл қонағының қып-қызыл кiшкене қолдарына биялайын кигiзiп, жетелеп жүгiре жөнелдi.

— Жүр, жүгiр, үйге дейiн жүгiрейiк. Сонда тоңбайсың!

Қанат жылаған қалпы қалың киіммен балпаңдан жүгірген болды. Әділ еркіне қоймай сүйрелеп келеді.

— Тоқтасаң тоңып қаласың!— деп қояды. Жүгірген сайын Қанаттың қолы қыж-қыж қайнап, бүкіл денесі бусанып келеді.

Бұлар үйге келгенде мамасы есік алдында алаңдап тұр екен.

— Тоңдың-ау, құлыным,— деп мамасы ұмтыла беріп еді, Қанат манағыдай емес көңілді үн қатты.

— Суықтан қорықпаймын,— деп жүгіріп барады.

Міне, осылай ол қорықпайтын Қанат атанды.

## ҚАСИЕТТІ ЖАЛАУ

Күндегіден ертелеу оянған алты жасар Берік шапшаң киініп далаға жүгіре жөнелді. Ол есіктен атып шыққан қалпы біраз ойқастап барып артына бұрылып қарап еді, көзі бақырайып шарасынан шығып кете жаздады. Кеше ғана үйдің төбесінде тұрған әдемі қызыл жалауша бүгін ғайып болыпты. Тіпті таяқшасы да қалмай зым-зия жоғалған.



— Мама!— деп айғайлаған Берік тосын хабар-



ды жеткізгенше асығып үйіне қарай зымырады. Есікті аша сала ендіге самбырлады:

— Мама, жалау жоқ!

Беріктің жыларман болатын жөні де бар. Кеше таңертең осы үйдің алдына бригада есепшісі келіп, мамасын бүкіл үй ішімен бірге сыртқа шақырды.

— Сіздің үйдің төбесіне қызыл жалау қадайын деп едім.— Бригада есепшісі қолындағы кішкентай жалаушаны өзгеше мақтанышпен желбіретіп көрсетті.

— Ненің құрметіне?— деп мамасы да бұл жоралғының сырын іші сезіп тұрса да дауыстап сұрады. Сірә, балалары білсін дегені болса керек.

— Мына Беріктің папасы егін орағында алдына жан салмай жүр. Орақтың ері деп үйіне қызыл жалауша қадаймыз. Диқанның ерлігін бүкіл жұрт білсін! — деп бригада есепшісі көтеріңкі сөйлеп мына үйі жандарының бәрінің жүзіне жылы шырай жүгіртті. Әсіресе, Беріктің қуанғанын айтсаңызшы.

— Папам бәрінен озды, біздің үйде той!— деп ол мәре-сәре.

Қуанышы кешке дейін басылмай елпілдеп жүрді. Оның үстіне мектептен өзі де бір бес алып оралды.

Енді, міне, сол жалауы жоғалыпты. Ол есікті сарт еткізіп жапты да жүгіріп көшеге шықты. Айнала үй-үйдің төбесін тінткілейді. Кенет көзі шырдай жанып жүгіре жөнелді. Кешегі жалауша бірінші класта оқитын Дулаттың үйінің төбесінде тұр. Берік ентелеп келген бойы Дулатқа дүрсе қоя берді.

— Біздің жалауды неге ұрладың?

— Ұрлағаным жоқ, ол біздікі,— деп Дулат өзінен бір жас үлкен Берікке қаймыға жауап берді.


— Бұл папамның жалауы. Папама орақта озғаны үшін берген. Өзім аламын, ұрлықшы,— деп Берік бас-көз жоқ сатымен өрмелеп жалауға жармасты.

— Мен ұрлағаным жоқ. Есепші өзі әкелді. Ол біздің үйде,— деп Дулат та шырылдап жатыр. Осы кезде Берік жалауша сабына іліккен қолын тартып ала қойды. Бригада есепшісі үйден шығып келе жатыр екен. Дулат оны көргенде Беріктің өзіне әлім-жеттік қылғанын айтып шағынғандай жыламсырай жөнелді.

— Ә, мынау қай балақай десем, өзіміздің Берік екен ғой. Айналайын, Берік, мұндай қасиетті жалауды сен сияқты әлі жеткеннің бәрі тартып ала бермейді. Бұл жалау еңбекте, орақ жарысында озған адамның үйінде желбіреп тұрады. Кеше сенің папаң озса, бүгін Дулаттың папасы бірінші орынға шықты. Оған сен ренжіме. Мүмкін, ертең сенің папаң озар?— деп есепші баланың көңілін жұбатып екеуіне де күлімсірей қарап жұмсақ сөйледі. Берік те өз қателігін мойындап, үй төбесіне қызыға қарап қалыпты.

## ӨКІНІШ

Жаңа оқу жылы басталардан бұрын дайындық тобына барған Болат биыл алғаш рет «Әліппе» ұстайтынына қуанып, алып-ұшып жүрді. Таңертең тұра сала әжесін мазалап, мектепке барғанша асығады.



— Болат, жуындың ба? — деген әжесінің даусын естігенде-ақ бүкіл ойыншықтарын ысырып тастап, тап бір үлкен шаруаға жиналған жандай бола қалатыны бар. Жалма-жан ақ сабынды көпірте жуынып, таза киімдерін тез-тез

ауыстырып жатады. Ара-арасында:

— Әже, көйлек.

— Әже, шұлық,— деп аузын қомпаңдатып қояды. Әжесі белі бүгілген қалпы бүкшеңдеп жүріп-ақ немересінің айтқанын екі етпейді. Бәрін тындырады. Болат та үйден шығарда әжесінің мойнынан қапсыра құшақтап бетінен сүйіп жатқаны.

Мектеп маңы да нелер қызыққа толы. Кілең бірінші класқа баратын балаларды үйіріп алған мұғалима тәтей түрлі-түрлі әңгімелер айтып береді.

— Ал, балалар, енді сендерді тыңдайық,— деді ортада тұрған мұғалима монтиған момақан жүзді балғындарға күле қарап.— Кім қандай тақпақ біледі? Білетіндер қолын көтерсін.

Балалар бірінен соң бірі білетін тақпақтарын айтып шықты. Болат та сүйікті әжесі туралы екі ауыз тақпақты тақылдатып берді.

Әңгімеден әңгіме туындап, Болат балаларға әжесін керемет жақсы көретінін айтып салды. Оның әжесі тамаша адам екен. Кішкене Болат әжесінің

қойнында жатады, жазда әжесімен бірге қыдырып, Алматыға да барып келіпті. Екі сөзінің бірі әжесі жайлы:

Балалардың бәрі де Болаттың әжесіне қызықты.

— Неше жаста?— деп сұрады бірі.

— Сексенде.

— Әжеңді жақсы көреді екенсің, Болат айналайын, ол кісінің аты кім?— деді мұғалима.

Болат сәл ойланып тұрып бір-ақ сөз айтты:

— Әжем.

— Әжеңнің аты болады ғой.

— Менің әжемнің аты жоқ. Оны бүкіл ауыл әже дейді,— деді Болат қызарақтап. Балалар нанарын да, нанбасын да білмей түгел таңырқасқан. Олар рас па дегендей мұғалимаға қарайды.

Болат осы күні мектептен алғаш рет өкініп қайтты. Бәрінен де күнде құшағында аунап жататын сүйікті әжесінің атын білмегені қызық болды. Ол мектептен шыға сала үйге дейін жүгірді.

## КЕМЕЛДІҢ КҮЛКІСІ

Бір күні кешкісін сабаққа әзірленіп отырған Кемел мен Емел жоқ жерден айтысып қалды. Үшінші класта оқитын Емел өзінен бір жас кіші Кемелдің титтей бір кемшілігін көрсе қолын шапалақтап алақайлап шыға келетін. Ондайда бүкіл үй ішіне жар салып, інісін әбден мазақтап маза бермейді. Бұл



жолы да ол Кемелдің күнделігіндегі екі «үштік» бағаны көріп қалып, оны қатты қорқытты.

— Енді сені демонстрацияға жібермейді.

— Неге? Жібереді.

— Бәс тігейік, жібермейді.

— Жібереді. Барамын. Папамнан сұрайық?

Екеуі таласқан бойы папасына келді. Бұл шындығында да қиын сұрақ екен. Папасы да тосылып қалып желкесін қасыды.

— Жібереді ғой, бірақ...— деп күмілжи беріп еді, Емел өз дәлелімен кимелеп кетті.

— Демонстрацияға барған кісі қуанып, күліп жүруі керек. Сен үшіңе қуанып, күлесің бе? Одан да бармаған артық,— деп ол Кемелді тіпті жасытып тастады. Інісінің көзі жасаурап кетті. Ол осы уақытқа дейін Октябрь мейрамының демонстрациясына бармақ болып әзірленіп жүр еді. Емелдің жаңағы сөзі сол арманын алыстатып жібергендей болды. Әйтеуір папасының айтқан ақылы көңілін қуанышқа кенелтіп, үміт ұшқынын үрлеп жіберді.

— Мерекеге дейін әлі уақыт бар. Үшіңді түзетсең сен де демонстрацияға күліп барасың,— деді папасы.

Сол күннен бері Кемел өзгеріп сала берді. Күн сайын сабағына мұқият әзірленіп, кітабына қадалады да отырады.


Айтқандай-ақ арада көп күн өтпей оның да күлкісі түзелді.

— Папа, демонстрацияға барамын ба?— деп қуанып оралады ол мектептен бес алған күні.

Кішкентай Кемел де осылайша мереке демонстрациясына әзірлене бастады.

## АСЫЛ ДӘРІ

Күн ұзаққа далада ойнаған Жомарт пен Мереке кешкісін үйге тығылып, диван маңын айналсоқтай берді. Жомарт қолымен қайта-қайта



жағын басады. Екі беті алабұртып қызара қалыпты. Дивандағы жастыққа сәл қисаяды да тағы тұрады. Шыдай алмай олай-бұлай жүріп барып тағы да жастыққа басымен көміле кетеді. Сірә, суықтікі болса керек, тісі қақсатып жүр. Мереке де оның маңынан шықпайды.

Жомарт көрші ауылдан Мерекеге қонаққа келіп еді. Көптен көріспеген соң ба, әйтеуір екеуі асыр сала шаттанып көп ойнады. Ойынды Жомарттың тіс ауруы ғана бөлді. Ол тіс ауруын емдейтін дәрінің бәрін де біледі екен. Бірінен соң бірін мамасынан сұрап алып ауру тісіне басып әлектенеді. Бірақ тістің қақсағаны басылмады. Жомарт солқылдап жылауға айналды.

Бүкіл үй іші аяғынан тік тұрды. Келген қонақтар, Мерекенің папасы мен мамасы да абыржып қалған. Әркім өздері білетін дәрінің пайдасын айтып жатыр. Бірақ бала байыз таппады. Тісі сәл басылып, қайтадан солқ ете түскенде жан дауысы шығады.

Біраздан соң Жомарт ақырын ыңқылға көшті. Сөйтіп жатып ұйықтап та кетті. Үй іші де жайланып, дастарқан басына отырған. Шай кесесін ала берген қонақтың бірі:

— Балалар бірін-бірі сағынып қалыпты-ау, — деді.

Жұрттың бәрі жалт қараса, Мереке Жомарттың тісі ауырған жағынан сүйіп жатыр екен. Өзіне қалған көп көзден ұялып тұқжыңдап қалды. Кейін барып қана Мереке Жомарттың папасының құлағына сыбырлап керемет күшті асыл дәрі туралы айтты.

— Жомарт енді ауырмайды, — деді Мереке.

— Неге?

— Мен ауырған жағынан сүйдім. Енді ауырмайды. Менің атам қандай ауырса да мен сүйгенде атып тұрады. Жомарт қазір ұйықтап жатыр. Оянса ауырмай атып тұрады.


— Сенің сүйгенің керемет дәрі екен ғой.

— Атам сенің сүйгенің асыл дәрі дейтін! — Осыны айтты да Мереке масаттана қарады.

Дастарқан басындағылардың бәрі бұл жаңалыққа таңырқап, рақаттана күлісті. Ал расында да Жомарт ояна сала ойнап кеткен еді. Асыл дәрінің қуатына Мерекенің өзі де әлі күнге таң қалады.

## БОЛАШАҚ ҰШҚЫШ

Алмат пен Қанат екеуі де бастауыш кластарға барып жүрген тетелес ағалы-інілер. Алмат естиярлау болған соң папасы ылғи соның есімін бұрын атап, ұсақ-түйек шаруаға жиі жұмсайтын. Ондайға бала да елгезек. Ауыз үйде отырған папасы:



— Алмат, ұстараны әкелші,— деп еді Алматтың төбе құйқасы шымырлап қоя берді. Папасы бұлардың шашын алмақ болып жатқанын бірден түсінді де, шапшаң ұстараны апарып беріп, далаға асықты. Дырылдатып шаш алғанды жаны жек көреді. Басының ақ құйқасын сыр-сыр еткізіп, шашын сыпырып жатқанда кейде шыдай алмай жылап жіберетіні бар-ды. Мұндайда кішкене болса да Қанат қайсар.

— Алмат, қайда асықтың? — деп папасы күлгенде барып ол есіктен кейін бұрылып, ұяң жымыған қалпы әкесінің жанына келіп отырды. Бұл өзінің жасқаншақтап, қашқалақтағанына ұялған түрі еді.

— Қорықпа, біздің Қанатты қарашы, түк қорыққан жоқ,— деп еді, кішкене ұлы шешесіне шашын сабындатып келіп, ұстараға басын өзі тосты.



— Шіркіннің шашы қатты, мінезі де солай болмаса жарар еді,— деді мамасы.

— Шашы қатты болса, қайратты болғаны,— деп папасы қылпылдаған ұстараны тізесіне бір-екі жалатып, жанып-жанып жіберді.

— Менің де шашым қатты,— деді Алматы та басын ұстап.

— Сен де қайраттысың, Қанаттың ағасы емессің бе?— деді папасы.

Өткір ұстара лыпылдап сызып түскен сайын шашы сыпырылып Қанаттың басы тақырланып келеді. Қанат бір де бір рет қыңқ еткен жоқ. Кенет папасы Алматыға қараймын дегенде ұстарасы тайып кетіп, болмашы ғана қан жылтырай қалды.

— Ойбай, кесіп кетті,— деп Алматы алдымен жар салды. Бірақ оған Қанат сасқан жоқ.

— Жыламаймын бәрібір,— деп ол отыра берді.


Шашын алып, басын жуып, әбден мұнтаздай етіп болғанда барып папасы Қанаттан:

— Енді мүлде жыламайсың ба? — деп сұрады.

— Папа, мен ешқашан да жыламаймын. Ұшқыш боламын. Ұшқыштар жыласа көзі жасаурап, алдын көре алмайды ғой. Сосын құлайды. Мен жыламаймын,— деді Қанат. Папасы мәз болып рақаттана күлді. Бұл кезде Алматы та шашын сабындап отырып жатқан-ды.

## ҚІШКЕНТАЙ ҚОНАҚ

Ауылға қонаққа келген Қанат машинадан түсе сала, өзінің кішкене достарын іздеп кетті. Папасы мен мамасы оған қатты алаңдап, тіпті шай үстінде де тыныштық таба алмады.



— Қап, әлгі Қанат киімін ауыстырмады-ау!

— Енді ғой қап-қара болып батпаққа батып келеді.

— Алаңғасар еді, бірдемеге ұрынбаса жарарды,— десіп, екеуі де қосарлана қыпылықтап отырды. Қанат қалада өз үйінде жүргенде шынында да әрнеге ұрыншақ, ерке-шолжыңдау бала еді. Мамасы таңертең тап-таза киіндіріп жіберсе түске жетпей кір-қожалақ болып кемсеңдеп оралатыны да барды. Сол әдетімен тағы да мына бөтен жерде борша-борша болып келмесіне кім кепіл. Әке-шешесі содан қысылып отыр.

— Қанатты қарап келші, шай ішсін,— деп бір баланы жіберіп еді ол тез оралды. Әкелген жауабы да қысқа:

— Ойнап жүр, шай ішпеймін дейді.

Папасы орнынан тұрып терезеден қарады. Айнала үңіліп, баласын іздеді. Бір мезет түрі өзгеріп, алақанымен санын сарт еткізді.

— Қап, ана тентекті қарашы, көрші шалдың арбасына мініп алыпты.

— Үстін бүлдірді-ау,— деп мамасы да байбалам-дап қалды.— Жүгірсеңші, түсіріп ал арбадан.

— Кетіп қалды. Болары болды енді. Ендігісін балаңның ақылына тапсыр,— деп папасы қайтадан орнына отырды.

Қанат келгенше папасы мен мамасы әбігерге түсті. Баласының киімдерін ауыстыруға әзірленіп, үсті-басын жумаққа су жылытты.

— Жұрттың баласын қарашы, тап-таза, тап-тұйнақтай, ал біздікі...— деп мамасы сөйлеп жүр. Папасы үндемей терезеге қарай береді.

Бір сәт Қанат кіріп келді. Манағы қалпы, мұнтаздай тап-таза. Тек қана арбаға мінгенде шалбарына жабысқан бір-екі шөпті қағып тастады. Мамасы өз көзіне өзі сенбей күліп жіберді.

— Е, өздерің Қанатты текке жамандай береді екенсіңдер ғой. Кәнекей, келші бері, менің жиенім жігіт емес пе?!— деп төрдегі атасы алдымен қуанды.


— Той жасау керек екен, сен неғып тап-таза жүрсің?— деп папасы да қуанып қалды.

— Мен қонақпын ғой. Қонақ таза жүру керек, әйтпесе балалар күледі. Енді үйде де таза боламын,— деп Қанат папасының құлағына сыбырлап жатты.

Папасы да, мамасы да кішкене Қанаттың қонақ бола білетінін, оған ақыл кіргенін осы шаққа дейін аңғармапты-ау.

## ҚЫМБАТ СЫЙЛЫҚ

Ертемен төсегінен тұрған Болат көзін уқалап жан-жағына қарап еді, мамасы бірінші кезекке жұмысқа кетіп қалыпты. Ал папасы ас бөлмеде тамақ әзірлеп жүр екен.



— Кәне, Болат, жуын, тамаққа кел.

Мен де асығыспын,—

деді папасы стол басына отырып жатып. Тез-тез жуынып, шапшаң киінген Болат та орындыққа келіп жайғасты.

— Ертең мамаңның туған күні. Оны білесің бе? — деді папасы.

— Білемін. Календарьда жазулы.

— Ендеше мамаң сол күні қуанып жүрсін, сен төрт пен беске оқы, жарай ма?

— Жарайды.

Қысылғанынан айтып салғанмен, Болаттың күнделігінде үштік бағалар біраз бар еді. Папасы жұмысқа кеткен соң, ол үйде жалғыз қалып іле сабағына отырды. Далаға ойынға да шықпады. Бұрын мектепке барарда кежегесі кейін тартып тұрушы еді, бұл жолы тіпті елпілдей жөнелді. Сабақтың бәрін оқып, тапсырманы тәртіпке келтірген сияқты.

Қоңырау соғылып, алғашқы сабақ басталды. Мұғалім ағай сабаққа кіріп, столға журналды қойып жатыр еді, алдыңғы партада отыратын кішкене Болат іле қолын көтеріп ұстазына тура қарады. Бұрын ол үйге берілген тапсырманы орындай алмай сабақ басталғанда сасқалақтап, тұқжыңдап қалушы еді. Баланың бүгінгі елгезектігіне таңырқаған мұғалім:

— Болат, не айтасың? — деді.

— Ағай, сабақ айтайын. Мен айтайыншы тапсырманы.

— Жарайсың онда. Кішкене сабыр ет.— Мұғалім күлімсіреді. Жүзінде жұмсақ рай, разылық бар.

— Кәне, үйге берілген тапсырманы кім айтды? — деп еді мұғалім, Болат іле қолын көтерді.

Мектептен шыққанда Болаттың қуанышында шек жоқ болатын. Ол бүгін екі «төрттік» алды. Үйге құстай ұшты. Бүгін Болаттың мамасы қандай қуанады десеңізші.

Ол осылай шаттанып келе жатып, үйінің алдындағы үлкен күртіктен секірмек болғанда омақаса құлап, портфелінің құлағын үзіп алды. Көзінен жас шығып кетті. Ол үйіне кіре алмай есік алдында біраз жылап тұрды. Көршідегі Есіләмбек атай келіп жөн сұрамағанда, әлі де тұра беретін еді.

— Балам, саған не болды?

— Бүгін мамамды қуантайын деп едім, ол енді маған ұрсады. Портфелімнің құлағын үзіп алдым,— деп бала кемсеңдеді. Есіләмбек қарт Болатты үйіне ертіп барып, портфелінің құлағын тігіп, жамап, тіпті су жаңадай етіп бергенде бала тағы да жайраңдап

сала берді. Ол тіпті қартқа рақмет айтуды да ұмытып, үйіне қарай жүгіре жөнелді. «Мамаңды туған күнінде қуантқаның — ең қымбат сыйлығың» деп еді папасы.

— Мама, бүгін «үш» жоқ, екі «төрт», енді ылғи «төрт» пен «бес» болады,— деді есіктен кірмей жатып Болат. Мамасы күлім қағып қарсы алды.

## ҚАНСОҢАР

Кеше ымырт үйіріле аспан реңі бұзылып, батыс беттен қаптал-қаптал бұлттар қопарыла көшіп келе жатқандай еді, түні бойы жел гулеп боран бұрқады. «Қап, күн бұзылып кетпесе жарар еді, ертең демалыста аңға шығатын. Мына Шәңке шілігінде қоян көп екен» деп Сайран жатарда терезеге үңіліңкірей түсіп, қопандап отырды. Мұны естіген бірінші класта оқитын інісі Ереке де:

— Аға, мені де апарасың ба? — деп қиылды. Аңға баруға қатты қызығып, құмартып-ақ тұрғаны даусынан белгілі еді. Соны аңғарған ағасы:

— Сен аяғыңды алып жүре алмайсың. Қар қалың. Оппада жүру үшін мықты кісі керек,— деді баланы жұбатқан болып.— Ертең өскесін апарамын.

— Мен де мықтымын,— деп салды Ереке намыстанып. Сайран ағасы күлді. Інісінің кешегі бір осалдығын бетіне басқысы келіп оқталғаны белгілі еді. Соны сезген бала қызарақтап қалды.



— Сенің күшінді көрмей тұрмын-ау. Бір нәрсені ешқашан өзің біліп, айтқызбай естемейсің. Кеше есік алдының қарын күремей, ойнап кеттің.

— Аға, аңға апаршы, шаршамаймын,— деп Ереке ағасына жалынып жатып ұйықтап қалған. Мүмкін түсінде де қоян қуып елегізген шығар. Әйтеуір, таңертең ерте тұрды. Жалма-жан терезе алдына барып сыртқа көз жіберді де қуанып кетті.

— Аға, боран басылыпты! — деп айғайлап жібере жаздады. Бірақ өзін тоқтатты. Терезеге үңілген қалпы тез киініп, далаға шығып кетті.

Дала қандай тамаша десеңізші. Ақ ұлпа қар бүкіл із атаулыны сылап-сипап жасырып, жып-жылмағай етіпті. Жазылмаған ақ қағаз сияқты. Нағыз қансонар. Осындай қанжығалы күндерде ағасының атпен орман кезіп, секектеген ақ қояндарды баудай түсіргенін талай көрген. Қазір де қызығып тұр. Ереке көп ойланбады. Дәл бір шаруамен шыныққан шымыр балаша тымпыңдап барып, өзінен үлкен күректі алды да, есіктің алдындағы қарды күреуге кірісті. Екі беті албырап кетіпті.

Ағасы есік алдына шыққанда Ереке мұрнын бір тартып күлімсірей қарады.

— Оһоу, батырым-ай, шаруаны бітіріп тастапсың ғой. Маған бірдеңе қалдырмадың ба? Енді мен не істеймін?

— Енді атты жек, аға. Қораны да тазаладым, малға шөп те салдым.


Ерекеге риза болған ағасы бір ауыз сөз де айтқан

жоқ, аңға әзірленіп аттың әбзелдерін сайлай бастады.

— Мықты сөзімен де, ісімен де жеңеді. Енді, міне, мені жеңдің, бар шаруаны айтпай тындырып қойыпсың. Амалсыз аңға апарамын,— деп Сайран ағасы мылтығын алмақ болып үйге беттеді. Бұл шақта Ерекеңнің қуанышында шек жоқ еді.

### КІМ ОЗДЫ?

Тетелес өсіп келе жатқан Бірлік пен Ерлік таңертең дастарқан басында тағы да қағысып қалды. Кешеден бері екеуі айтысып бірін-бірі жеңе алмай жүр. Осыдан бірнеше күн бұрын папасы бұларға қызық бір шарт қойған еді.



Бірінші Майға дейінгі бір айда кімнің күнделігінде бестік көп болса, сол озып шығады,— деді ол біріншіде оқитын Бірлік пен екіншідегі Ерлікке. Екеуі сабаққа ынталанып-ақ берілді.

Дәл мереке күні демонстрацияға барар алдында Бірлік пен Ерлік тағы да папасынан төрелік сұрады:

— Кім озды, папа?



— Екеуің қатар келесіңдер, бестіктерің бірдей, тепе-тең,— деді папасы.

— Менің төртім көп қой.

— «Бес» артық па, «төрт» артық па? — десіп екеуі тағы тайталасты.

Мынадай мереке күні озып шыққанды екеуі де жақсы көреді.

— Жарайды, таласпаңдар. Бесті ғана есепке алайық,— деп папасы екеуін екі қолтығына қысып, арқасынан қақты.


Тамақ ішіп болған соң орнынан бірінші болып тұрған Бірлік:

— Папа, мұғалім мерекеде үйлеріңнің айналасы тап-таза тұрсын деген. Сыпырғыш пен күрек қайда? — деді.

— Үлкен күрекке тиме, оны мен аламын, сенің оған әлің келмейді,— деп шайын тауыспай шәшкесін төңкере салған Ерлік те асықты.

— Мен кішкене күрекпен де сенен қалмаймын.— Бірлікпен жарысып Ерлік те сыртқа жүгірді. Екеуі далаға шыққан соң жаңағы айтысқандарын да ұмытып, бір-біріне көмектесіп, әп-сәтте үйдің айналасын сыпырып-сиырып тазалап қойды. Содан соң ғана ойынға кірісті. «Кім озды?» — деп бір-бірінен сұраған да жоқ.

Бірінші класта оқитын Дулат күндегі әдетімен мектептен ерте оралып, есіктен кіре сала қандай баға алғанын қуана хабарлады.



— Мама, ана тілі — «төрт», математика — «төрт», — деп тақ-тақ еткізіп, көңілді кейіппен шешініп жатты. Даладан қандай тап-таза болып келсе, үйде де сондай сүйкімді-ақ. Үстіндегі киімдерін рет-ретімен шешіп, папасы жасап берген арнаулы бұрышқа жайғастырды. Портфелін де өз столының қасына қойды.

Баласының осы қылығына қызыға қарап тұрған мамасы елжіреп кетсе керек:

— Балапаным, шкафта алма тұр, Гүлнәр екеуің жей қойыңдар, — деді.

Дулат қуанып кетті. Жүгіріп барып шкафты ашып еді, екі алма тұр екен. Қып-қызыл. Әбден пісіп, албырап-ақ қалыпты. Біреуі үлкенірек те, ал екіншісі сәл ғана олқылау. Дулатты сонысы ойлантып тастады. Қайсысын аларын білмеді. Үлкенін бас салуға өзінен қалқыңқы Гүлнәрдән ұялды. Папасы ылғи: «Гүлнәр біріншіден сенен үлкен, екіншіден қыз бала, таңдауды соған бер» деп үйретіп отыратын. Екінші класта оқитын Гүлнәр да сол дағдыға арқаланып, не тәттінің үлкенін қармап қалуға

тырысып жүр. Онысы Дулатты да ызаландырады. «Ылғи мен екінші таңдаймын, бірінші класта оқитын кішкене бала бірінші таңдауы керек» деп қиқалаңдап та қояды. Әйтсе де, әлі күнге Гүлнәрдің алдына шығып көрген жоқ. «Жарайды, қыздар жылауық болады, сол алсын»,— деп жүре беретін жомарттығы да бар.

— Қайсысын алайын, мама? — деді бұл жолы Дулат. Мамасы естімеді ме, үндеген жоқ.

Осы сәтте есіктен Гүлнәр да көрініп, алған бағаларын айтып жатты. Шешініп болған соң оған мамасы:

— Шкафта алма тұр, құлыным,— деді. Гүлнәр жалма-жан шкафты ашып еді, бір-ақ алма тұр екен.

— Дулат үлкенін жеп қойыпты. Маған кішкентайын қалдырып,— деп қыңқылдап қомсынып жатыр.

— Дулат, бұл адалдық емес. Мен жоқта неге таңдайсың? Кәне, айырбастайық.

— Саған үлкенін қойдым.

— Өтірік айтасың. Үлкенін жеп қойдың.

— Мен әлі жегенім жоқ, қалтамда тұр.

Расында да әлгінде Дулат мамасына келіп, Гүлнәрға үлкен алманы қойғанын айтқан-ды.

— Мама, бізге мұғалім үлкен жұмыс істеген кісі үлкен үлес алады деп айтқан. Гүлнәр сәкі жуады, сүт әкеледі ғой, үлкен алманы сол жесін,— деген еді.

Гүлнәр Дулаттың айтқанына сенбей қалтасын ақтарғанда қып-қызыл болып кетті. Дулат өзіне

кіші алманы алған екен. Гүлнәр қателігін тез мойындады.

— Мен қателестім, жеңілдім. Үлкен алманы сен же, Дулат,— деді.

## ТӘТТІ СӘБІЗ

Көктем туып, жер қыза үйдің іргесіндегі бақшаға Береке мен папасы қияр, сәбіз, помидор отырғызған еді. Көп кешікпей бәрінен бұрын сәбіздің жас сабағы күлтелене қылтиып келе жатты. Қатар-қатарда жыпыр-жыпыр етіп тіпті әдемі көрінеді.



Қуанып кеткен Береке тағат таппай әлгі сәбіздің сабағынан күніне бірнеше рет алақанымен сипап қояды.

— Балам-ау, сәбіз сипағанға өсе ме? — деп бір күні күтпеген сұрақ қойды. Береке ойланып қалды. Сонда барып папасы:

— Сипалап қол тигізе берсең түбі босап қалады. Одан да сен күн сайын су құй, арам шөбін жұл,— деді. Содан соң-ақ Береке бақшадағы сәбіздерін дамылсыз күтумен болды. Ойнап кеткен жерінен қайырылып оралып, кішкене шелегімен су тасып жүрді. Достарына мақтанатын да.

— Сенің сәбізің ең тәтті сәбіз, соңыра өскен соң көрерсің,— деді бірде папасы.

— Оны қайдан білесің, папа? Тұқымы жақсы


ма?—деп бала қызыға түсіп дамылсыз сұрай береді. Папасы айтқандай-ақ сәбіз өсіп, толысып келе жатқанда Береке бір түбін жұлып алып, жуып жеп көрді.

— Тәтті ме екен? — деді папасы.

— Қант қосқан сияқты,— деді сүйсінген Береке.— Папа, ең тәтті сәбіз болатынын қайдан білдің?

— Ісіңнен.— Бала таңырқай түсті.— Сен оны сумен ғана емес, еңбекпен де суарған едің. Тәттілігі содан ғой.— Береке сәбізін достарына көрсетпек болып жүгіре жөнелді.

## ДОС АШУЫ



Сабақтан келген соң Ерік Берікті үйінен ертіп алып шыққан-ды.

— Жүр, велосипед тебейік. Біраз

ойнайық,— деген Ерік. Берік алғашында көңіңкіремеді.

— Менің велосипедім жоқ, саған жалына беремін бе? Одан да үйде ойнаймын,— деді ол. Бірақ бірге оқитын досы еркіне қоймады, ақыры азғырып алып шықты. Екеуі велосипедті кезекпен тебуге келісті.

Алғашында бәрі де ойдағыдай еді. Екі бала қалтарыстау қалған тыныш көшеде ерсілі-қарсылы зуылдап велосипед қызығына беріліп кетті.

Арада әжептәуір уақыт өткен еді, бір мезетте үйдің есігі қатты ашылып, қабағы келіспей кірген Берік диванға келіп бұртиып отыра кетті. Аузы томпайып ашулана қалыпты.

— Саған не болды, Берік?— деп сұрады мамасы. Бала үндеген жоқ. Тек төмен қарап тұқжыңдай береді.

— Төбелестіңдер ме?

— Жоқ. Біз ешқашанда төбелеспейміз.— Берік бұл сөзді кәдуілгідей қопаңдап, мақтанып айтқандай болды.

— Енді неге реңжіп тұрсың? Ерік реңжітті ме?

— Иә. Мақтанып велосипедін тебуге бермейді. Өзі шақырып алып шықты. Енді онымен ойнамаймын.

— Екеуің дос емессіңдер ме? — деп мамасы қасына келіп, баласының бұртыңдап ашулана қалған қызық кейпіне күле қарайды.

— Дос болғамыз,— деп Берік күмілжиді.

— Ә, ендеше достар бір-біріне ешқашан ашуланбайды. Ал, егер ашуланса ашуы бес минуттан аспай тез тарқайды. Кәне, мен сағатқа қарайыншы. Сендер досыңдар ма, жоқ па, соларыңды мына сағат айтып берсін. Екіден он минут кетіпті,— деп мамасы қабырғада ілулі тұрған сағатқа қарады. Берік те еріксіз солай бұрылды. Сағатқа қараймын деп басын көтергенде мамасына кезі түсіп күлімсіреп жіберді.

— Ол өзі келмесе бармаймын. Мен кінәлі емеспін ғой,— дейді ол манағыдай емес жібіңкіреген кейіппен.

— Сен де кінәлісің,— деді мамасы ұлына тура қарап.

— Қалай кінәлімін?

— Солай. Тек жаман адам ғана жоқтан өзгеге ашуланады. Ал, жақсы достар бір-бірінің кемшілігіне кешірімді болады. Бұртыңдап ашулана бермейді. Соны түсін.

— Түсінемін оны. Өзі велосипедін бермейді. Не істейін.— Берік өз кемшілігін мойындағандай орнынан тұрды.

— Осы кезде есік те ашылып Еріктің басы көрінді.

— Берік, сен неге кетіп қалдың. Мен екі-екіден айналайық дедім ғой. Түсінбей бір-ақ тарттың,— деп ол тіпті араларында ештеме болмағандай аңқылдап сөйлейді.— Ал, енді сенің кезеңің.


Ұялған Берік қызарақтап сағатқа қарап еді екіден он бір минут өтіпті. Тықылдаған сағат тілі де бұлардың достығына шек келтірмей енді ілгері жылжып бара жатқан сияқты. Әлгінде бір орында тұрғандай көрініп еді.

— Мама, бір-ақ минут өтіпті,— деген Берік далаға ата жөнеліп Еріктің соңынан тартты.

## ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ

Күн ұзақ даланы салт шарлап келген бригадир Есләмбек қатты шаршап қалыпты. Қарагер жорғасынан үзеңгіге оралып зорға түсті. Көктемнің жылы шуағынан да болса керек, сайгүліктей баптап мініп

жүрген атының жоны жылтырап, қара тер шыла- нып қалыпты. Қарагер таңертеңгідей ойнақшып баспай басын шұлғып жай ғана оқыранады.



Тізгінді есік алдындағы адалбақанға қазықбау шалып үйге қарай беттеген Есләмбек екіншіде оқи- тын баласы Айбекті іздеді. Сабағын жаңа ғана оқып, тәмәмдап, далаға шығып кеткен бала ойын қуып бұл арадан алыстап кетсе керек. Тап- сырмақ шаруасын бірінші кластағы Ернарға айтты.

— Мына ат кішкене суыған соң, Айбек суарып келсін. Мен көз іліп алайын,— деді де үйге кіріп кетті. Ауыл баласы емес пе, аттың суығаны — терін басып, қызуын түсіргені екенін Ернар айтпаса да біледі.

— Жарайды,— деп Ернар далаға жүгіре жөнелді. Ағасы Айбекке үлкен жаңалықты айт- қанша асығып, көшені біраз шарласа да оны тап- пады.

Кішкентай Ернар енді оның келмеуін жақсы кө- ріп отыр. Есік алдында ауыздығы алынып, қаңтару- лы тұрған қарагер жорға жүйріктің жүйірігі болса да, жуастың жуасы еді. Ағасы Айбек қарагерді шар- баққа жанастырып қойып, мініп алып жүре береді. Күн сайын өзенге апарып суарып әкеледі. Бірер рет Ернардың да жорғаға мінгені бар. Жап-жалпақ жон- арқаға қонжиганда таудың төбесіне шыққандай бо-



латын. Қазір тағы бір жорғалатып келсе артық болмас еді.

— Айбек әлі жоқ, атты суарып келсәм қайтеді?— деді ол шешесіне батылданып.

— Құлыным-ау, құлап қаласың ғой? — деген шешесінің сөзі баланың намысына тигендей болып, одан сайын қайрай түсті.

— Құламаймын. Қарагерге талай рет мінгенмін. Папам суар деді ғой.

— Ендеше мен мінгізейін, ақырын аяңдатып барып кел. Қатты жүріп құлап қалма.

— Папам шаршады ғой мен суарайын,— деп елгезектенген Ернар шешесінің демеуімен тырмысып, жорғаның үстіне жарбиып мініп алды. Биік аттың үстінде тіпті кіп-кішкентай болып көрінеді. Шешесі баласының елгезектігіне, бір іс тындырсам деп талпынған қылығына сүйсініп қарап тұр. Бала бос тастаған тізгінді шұлғып тартып Қарагер ақырын аяңдап барады.

— Қас қарайып қалды. Өзен жақтан қорықпайсың ба? — деген шешесінің даусына Ернар көңілді жауап қатты.

— Қорықпаймын.

Ернар ат суарып өзен жақтан оралғанда папасы есік алдында тұр екен. Иесін көрген қарагер таңауын делдитіп оқыранып қоя берді.

— Сусыны қанбапты ғой, Ернар? — деп папасы күлімсіреп қарсы жүрді. Ұлының шалағай ісін танып, онысын ұрыспай жайлап қана ұқтырғысы келген кейпі бар.— Өзенге бардың ба?

— Иә.— Айтуын айтса да Ернар сөзінің соңын жұтқандай болып күмілжіп қалды.

— Қорыққан жоқсың ба? — Бұл жолы бала естімегендей болып үндемей қалды.

— Жүр, ендеше, екеуіміз өзенге тағы барып келейік,— деп папасы қарагерге ырғып мініп, Ернарды алдына алғанда-ақ жорға өзенге қарай өзі бұрылып тайпала жөнелді.

Көз байланып бара жатқан шақта өзен жағасындағы тоғайлар қарауытып расында да қорқынышты көрінеді. Жаңа Ернар өзенге ұзамай іргедегі қарасудан қайтқан-ды. Енді папасына өтірік айтқанына қысылып, үн-түнсіз томсара берді.


Өзеннің құмдауыт жағасына келген соң бұлар аттан түсіп, жүгенін, тізгінін түріп қоя беріп еді, қарагер жорға бауырына дейін су кешіп барып, мойынды созып жіберді де, дәл тұнығынан сылқылдатып жұтты-ай келіп. Сусыны қанғанда барып, жүгенді сылдыратып дүр сілкінді де кейін бұрылды. Мана Ернар қаншама жебелеп ысқырса да қарасудың бетінде шыбын-шіркей қаптаған тұнбасына тұмсық тигізіп, ерінді сылп еткізгені болмаса, ішпей қойған. Енді, міне, баланың өтірігін бетіне басып, бір бөшкедей суды бір-ақ қотарған шығар. Ернар тіпті тоңазығандай болып көзі жыпылықтай береді. Өзі және де іштей таңырқап тұр. Көл суынан осқырынған жорғаның өзен суына ынтыққаны несі екен. Баласының бұл сұрағын көзінен ұққандай әкесі жауап берді.

— Жылқы малы тазалықты сүйеді. Мынау тұлпардың тұяғы емес пе, бес күн шөлден қатырсаң да

көлдiң қоға татыған суын iшпейдi, тiсiне тигiзедi де қояды.

Ернар өз қателiгiн ендi түсiндi. Қорыққанын жасырамын деп өтiрiк айтып алғанына өкiндi. Тiптi, жылап та жiбергелi тұр. Папасы соны сездi де тезiрек атқа қонды.

## СЕРТ



Ас бөлмесiнде дастарқан жасап болған мамасы екiншi класты биыл бiтiрген Дулатты шақырды.

— Кел, тамағыңды iш.— Бiрақ төргi үйде жүрген бала жауап қатпай, үнсiз қалды.

— Қолыңды жудың ба? — деп екiншi рет дауыстағанда да Дулат күндегiдей елпiлдей қоймады. Тек сәкiнi сықырлатып, қозғалған дыбысы ғана естiлдi.

— Мынаған не болған, бiрдеменi бүлдiрдiң бе? — деп ендi мамасы үрейленген кескiнмен баласына қарай ұмтылды.

Дулат қаракөлеңке бөлмеде терезенiң алдында тұқжыңдап тұр екен. Бiр нәрсенi бүлдiрiп, кiкәлi болған қалпы бар.

Осы кезде сырттан папасы аңқылдап сөйлеп кiрдi.

— Жер дегдiген сөң комбайндар тағы аттанады. Кәне, тамағың әзiр ме? Мен де қос басына тартамын,— деп қолын жуып жатыр.

— Мерекенің папасының комбайны үйінің алдында тұр ғой. Ол да баратын шығар? — деп Дулаттың мамасы терезеден сыртқа көз салды.

— Е, не деп отыр. Мынадай қауырт шақта әр бір сағат қымбат емес пе. Жаңбыр болған соң бір мызғып алайын деп үйіне келгені ғой. Шешініп дұрыс ұйықтамағалы жарты ай болыпты. Комбайнында он жұлдыз жарқырайды. Он мың центнер бидай бастырды. Даланың дүлдүлдері емес пе?! Шіркін, осындай көршінің атын айтқанда-ақ мерейің өсіп қалады. Қолы алтын емес пе, комбайны бір тоқтамай сағат сияқты жүріп тұрғанын қарашы. — Папасы көршісіне риза болған көңілін тіпті тауыса алмағандай сүйсіне сөйлейді.

— Мына бала тегін емес, — деп төргі үйден жұбайы Дулатты қолынан жетектеп шықты. Баланың көзі алақандай болып кетіпті.

— Саған не болды?

— Ештеме де болған жоқ.

— Біреу ұрды ма?

— Жоқ.

— Ә, ендеше, әйтеуір бір кінәң барлығын мына түрің айтып тұр. Соны енді өз аузыңмен айтсаң қайтеді. Менің уақытым жоқ екенін білесің ғой. Қазір қос басына барамын, — деп папасы қашанғы сабырлы қалпымен өзіне жақын тартты. — Қорықпа, жасырма.

Дулаттың көзі жыпылықтап, жас мөлтілдей қалды.

— Папа, біз комбайнды сындырып алдық.

— Қандай комбайн?

— Мерекенің папасының комбайнын...

— Не қылдыңдар?

— Доңғалағының желі шығып кетіпті. Мен емес. Мерекенің өзі бентін бұраған.

— Қап. Манадан неге айтпадыңдар. Жарық кезде жөндеп қоятын.

— Қорықтым.

— Қорыққан кісінің жесірі екі есе жаман. Мына қырсықты қарашы. Ол ғой түнде егін жинауға шығамын деп ұйықтап жатыр. Ал сендер батырдың тұлпарының тұяғын сындырып отырсыңдар,— деді де папасы тамағын да ішпестен қайта киініп далаға шығып кетті. Ол бөлімшеде агроном болатын, бригадирдің үйіне қарай беттеп барады.

Кешікпей бригадир екеуі бір жамбасына қарай шоңқиып тұрған комбайнның қасына келіп іске кірісті. Комбайншыны оятқан да жоқ.

— Оны оятпаңдар. Оның бір сағаты емес, бір минуты қымбат бізге. Жер дегдіген соң түнде тұрып таң атқанша егін жинайды. Оятпа. Дем алсын,— деп бригадир доңғалақты желге толтырып, комбайнның бүкіл бабын өзі қарап шықты. Дулаттың папасы да қолқабыс қылып, айнала жүгіріп көмектесіп жүр. Дулат пен Мерекені де шақырып алып, оны-мұныға жұмсап қойған.

— Әй, бұлар кімге тартып қорқақ болды екен? Доңғалақтың желін шығарыпты да, қаша жөнеліпті.— Бригадир мұртын ширатып қойып Дулаттың папасына қарады. Маңдайында шыпшыған терін

сүртіп жатыр.— Әкелері қандай! Даланың батырлары емес пе!

— Білмеймін,— деп басын шайқады агроном.

— Кәмпитті көп жеген ғой. Кәмпитті көп жеген бала кәмпит сияқты езіліп, жасық болады деп естуші едім. Зады солай шығар? — Шаруасын бітіріп, қолын шөппен сүрткен бригадир екі балаға кезек қарады.

— Бастаған қайсың?

— Мен емес,— деді Дулат.

— Мен емес,— деді Мереке де.

— Енді кім? — Екеуі де үндемеді. Бригадир ойланып қалды. Балалардың мына қылықтарына ренжіп тұрғаны байқалады.

— Ойбой, бұлар өзі әрі қорқақ, әрі жалтақ, жасық балалар екен ғой. Қолмен істегенді мойынмен көтеру керек. Сонда ғана қателігіңді түзейсің. Бұларың не? Екеуің де оқушысыңдар. Оқушы диқанға кесірін емес, көмегін тигізу керек қой. Солай ма?

## КЕРЕМЕТ КӨКТЕМ

Жер дегдіп, қылтиып қырбықтанып көк те көріне бастады. Шөптің кішкентай көк жапырағын алғаш көргенде Дәурен қуанып кетті.



— Көктем келді, шөп көктепті! — деп алақайлап үйге жүгіріп кірді ол.

— Оны қайдан білдің? — деді әжесі.

— Шөп көктепті. Шөп көктегенде көктем келмей ме?

— Жоқ. Бұл әлі көктемнің хабаршысы. Нағыз көктем найқалып әлі жеткен жоқ,— деді әжесі немересіне табиғат тамашасын түсіндіріп. Дәурен тіпті қызыға түседі.

— Әже, энеугүні құстар келгенде не дедің? Оны да көктем хабаршысы деп едің ғой?

— Иә, құстар да көктем хабаршысы. Олар да ерте келіп, көктем деген кереметтің жете алмай жолда жүргенін хабарлайды.

— Қалай хабарлайды, әже?

— Құстар аспанда қалықтап ұшып, қанатын кең сермейді. Бұл олардың күн жылынды, көктемге қамданыңдар дегені.

— Ал шөптер ше?

— Жер құрсағы жылынды, келе жатқан көктемді мен де көрейінші деп шөп те көтеріледі. Көк шықса көктемнің тіпті жақын қалғаны,— деп әжесі Дәуренді тағы да ынтықтырады.

— Сонда керемет көктем қашан келеді? — деп немересі де тағатсызданып сұрақтарды көбейте береді.

— Ол күнді өзім айтамын,— деді әжесі.

Кішкентай Дәурен сол керемет көктем келетін күнді қандай асыға тосты десеңізші. Күнде таңертең тұрып әуелі аспанда қалықтаған құстарға көз салады, түкті кілемдей дүркірей көтеріліп келе жатқан

көкмайсаға қызығады, сонсоң әжесіне келеді. Ал әжесі әлі үндемейді. Ол да көктем келетін күнді тынымсыз тосқан тәрізді.

Бір күні Дәурен алақарақтан шошып оянды. Ояна келсе қаптаған мотор үні тұтаса гүрілдеп бүкіл көшені көшіргендей еді. Ағаш үйдің өзі дір-дір еткендей болып бүкіл төңірек солқылдайды. Дәурен жалма-жан жүгіріп терезеге ұмтылды. Қараса, расында да ауылдың көшесін қалың гүрілге толтырып тракторлар көші өтіп барады екен. Соңдарында тіркеген сеялкалары, желбіреген қызыл жалаулар да көрінеді. Сонау қырқаға қарай лап қойып жөңкіліп барады. Әжесі де есік алдында кәрі жүзі күлімсіреп, басындағы орамалының ұшымен жасаураған көзін сүртіп тұр екен. Бір шақта бірдемесін ұмытқандай жалт беріп үйге қарай жүгірді. Сүріне-қабына есік ашып, айғайлап келеді.

— Дәурен, құлыным тұр. Керемет көктем келді. Көктем келді!

Әжесінің даусы да бір түрлі қызық естілді. Қуанғаны дауысының дірілінен-ақ танылып тұр.

— Кәне, көктем кәне, әже? — деп немересі де терезенің ернеуінен ұстап айнала үңіледі. Жер қайыстырған тракторлардан, жүздері тотыққан диқандардан басқа ешкім көрінбеді.

— Әне! — Әжесі енді Дәуренді далаға шығарып тракторлар керуені кәсілген даланы нұсқады.

— Әне, егіншілер дабылы соғылса керемет көктемнің келгені деп біл. Егінші атаң мұртынан күліп, жер жарықтықтың қара қыртыс құндағын дөнге



белеп жатқан жоқ па?! Керемет көктемнің келгені ғой.

Қуанған Дәурен де көшені шарлап жүгіре жөнелді. Ауыл үсті бүгін шынында да әбігер болып, ел қырға қарай беттеп барады. Әжесінің немересі тіпті қуана түсіп, қырқаға көз сала береді. Көңілі сол жақта. Керемет көктемнің соңынан қуғысы келетін сияқты.

## ҚОЛҚАНАТ



Кешке өрістен мал қайтқан кезде ауыл көшесін шаң басып, құлақ тұндырғандай азан-қазан болатын әдеті бар ғой. Бүгін де солай еді. Табын сонау алыстан көрінгенде-ақ есік алдына шығып, таяғына сүйеніп тұрған Төлеп қарт айна-

ла қарап немересі Ләззатты іздеді.

— Ләззат! Әлгі Ләззат қайда? Мал келіп қалды,— деп бір-екі рет дауыс білдіріп еді, ешкім жауап қатпады. Енді есіне түсті. Мана немересін жидек теруге өзі жіберген.

Үйдің алдына бір топ кішкене қыз келген. Бәрі де үшінші класқа көшкен Ләззаттың достары.

— Орманға барайық. Жидек терейік,— деді олар Ләззатқа. Ал, Ләззат есік алдында отырған атасына қарады.

— Бара ғой, алысқа ұзамаңдар,— деді атасы.

Бірақ немересі елп етіп жүгіріп кете қойған жоқ. Бір нәрсені сұрайын деп атасының қасына келді.

— Кешке малды кім қайырады?

— Мен бар емеспін бе.

— Қайыра аласың ба?

— Е, жетпістен асқанша мал бақпай не істеді дедің?

— Ата, онда әуелі қоралардың есігін ашып ал,..— деп Ләззат кіп-кішкентай болып атасына күнде өзі тындыратын шаруасының жайын түсіндірмек болып еді, Төлеп қарт күліп немересін арқасынан қақты.

— Бара ғой, атаң да бірдеме білетін шығар.

Кешке мал келіп қалған соң Төкең жуас торы биесіне мініп, бір сиыры мен бес-алты қойын қайырып алмақ болып көшеге шықты. Әрине үлкен кісі шаруаға тындырымды болатын: қой қорасының, құс қорасының есігін ашып, бәрін орынды-орнына тез жайғай қоймақшы еді.

Қызық қылғанда атасы әлекке түсті. Алдымен құсты қорасына қарай қоғамдап еді, тіпті бет-бетімен қашты. Ерсілі-қарсылы жүгіріп, өзі құс болып ұшатындай қос қолымен олай-бұлай ербеңдетіп үркітсе де ырқына көнбеді. Сонан соң биесіне мініп, қойын басқа қойлардан бөліп алмақ болып ұмтылды. Бір мезетте бөліне берген қойлары ат үстінде ербеңдеген мұны көріп, үрке тартқаны ғой. Төкең торы биесін қаншама тебініп әбден зықысы шыққан-

ша омыраулатса да бес-алты қойы тіпті дүркірей шапқылап бетімен қашады.

— Қап, мына Ләззаттың қорлығы өтті-ау,— деп атасы болмаған соң биесінен түсіп, жаяу біраз далбаңдады. Бірақ сонда да болмады. Қойлары танауларын көтеріп, иіскеленіп есік алдына дейін келеді де, бір таныс дыбысты іздеп таба алмағандай тосырқап тұрып-тұрып, Төкең орнынан қозғала берсе тұра тартады. Қария әбден сілікпесі шығып шаршады. Қажыған соң орман жаққа көз салып Ләззаттың келуін тосты.

Бір мезетте кішкентай Ләззат сап ете түсіп, алдымен «қыт-қыт» деп шақырып еді оның дауысын таныған құстар жан-жақтан қанатын сабалап, ұшып, өз қораларына жүгірді. Құсын түгендеп, қорасының есігін жапқан Ләззат енді «мә-мә-мә...ә-ә...» деп бір-екі рет дыбыс бергенде әлгі үріккен қойлар тіпті магнит тартқандай ентелей жүгіріп қорасына сып беріп кіріп кетті. Ләззат құсын да, қойын да, сиырын да әбден үйретіп тастапты. Бәрі орынды-орнына қамалған соң меңіреп, маңырап, қыт-қыттап Ләззатты іздей бастады. Ол да жүгіріп жүр. Іле бәріне «тәртібің үшін, тыңдағаның үшін» деп уыс-уыс жем шашты.

Кеш бойы Төкеңнің әбігер әрекетін бақылап тұрған көрші қария ақырын басып үйдің қасына келіп:

— Төке, сіз тындыра алмаған шаруаны...— дей берің еді.

— Кіп-кішкентай қолқанатым ғой,— деп атасы риза раймен Ләззатқа қарады.

— Не деп тұрсыз, мынау нағыз үлкен қолқанат емес пе! — деп көрші қария да сүйсінген кейіппен Төкеңді түзетті. Ләззат та ұялып, күліп тұр.

## ҚАЙСАР

Сабақ біткен соң мұғалім тәтей балаларды алып қалып, әңгіме өткізген еді. Алуан түрлі сұрақтар туындап үшінші класс оқушылары өздерін қызықтырған жайларды сұрап жатты. Сөздің реті келген бір сәтте бойы өз құрбыларынан кенжелеу сары бала Мереке қолын көтеріп:



— Тәтей, қайсар деп кімді айтамыз? — деді. Бұл сұрақ мұғалімді де елең еткізіп, әңгіменің жаңа бір арнасына ауысты.

— Балалар, рас-ау, қайсар деп кімді айтамыз? Сендер білесіңдер ме? — деп ол әлгі сұраққа ойланып қалған балаларды айнала шолып шықты. Енді балалардың өздерін тыңдағысы келіп, жауап күткен қалып байқатты.— Ойланыңдар. Ойланыңдар сосын жауап беріңдер.

Жаңа ғана жамырап шуласқан балалар ауыздары бұлтнып монтия қалыпты. Бәрі де ойланып отыр.

— Гагаринді айтамыз! — деді бір бала қол көтеріп.

— Дұрыс,— деді тәтей. Осыдан кейін-ақ оқушы-

лар желпініп бірінен соң бірі қол көтеріп өздері білетін батырларды атасты.

— Бәрі дұрыс. Ал біздің арамызда қайсар бала бар ма?— деп мұғалім оларды тағы да ойландырды.

— Бар.— Дұдамалды шыққан дауысқа бәрі жалт қарады. Қосан екен. Бүкіл класс өзіне бұрылғанда бір түрлі қысылыңқырап қалды.

— Кәне, айта ғой. Білгенің дұрыс,—деп мұғалім қостап орнынан тұрғызды.

— Біздің класта Қасым қайсар.

— Жарайды онда. Ал сен бізге Қасымның қандай қайсарлығын айтып бере аласың?

Орта тұста отырған Қасым басқалардан ірілеу еді. Бұл кезде ол қопаңдап айналасына қораздана бір қарап қойды. Қосан ойланыңқырап, аузына сөз түспей бөгелектеді.

— Ботанның итін ұрғанымды айтсайшы,— деп бір кезде Қасымның өзі сыбырлап қалды.

— Тыныш отыр, Қасым! — Мұғалім тәтей бәрін бақылап тұр екен. Қосан есіне жаңа түскендей күлімсіреп айта бастады.

— Біз әнеүгүні Ботан үйіне Қасым екеуіміз барғанда иті қауып ала жаздады. Қақпаның артынан арс ете түскенде шошып қеттік. Сосын Қасым айырды ала салып итті ұрды-ай келіп. Қорыққан жоқ. Қасым қайсар емес пе, тәтей? — деп Қосан мұғалімге қарады.

— Ит байлаулы ма еді?

— Ия.

— Ендеше Қасым қорқақ. Байлаулы итті ешкім ұрмайды.

— Байлаулы итті қорқақ қана ұрады,— деп қыздар шу ете түсті. Қасым тұқжықдап қызарақтайды.

— Бұл қайсарлық емес,—деп мұғалім балаларға үй жануарларын күту жөнінде біраз әңгімеледі. Сөйтті де бір сұрақ берді. Бірінші болып Мереке қол көтерді. Мұғалімнің көзі Қасымға түсіп еді, балалардың бәрі де солай қарай бұрылды. Ал Қасым әлгі сұрақты білмейтін еді. Партаға жабысып, алдындағы оқушының жауырынын қалқалап бұқжиып барады. Тіпті басын көтермейді. Қорқып, қыпылдап отырған сияқты.

— Кәне, Мереке, сен жауап берші,— Кішкентай сары бала орнынан қаздып атып тұрып, тақ-тақ етіп жауап берді. Тіпті кірпігін де қақпайды, қиын сұрақтан қорықпай қайсарланып жауап береді. Қасымның жауырыны осы кезде ғана көтеріліп, түзу отыра бастады.

— Ал, балалар...—деп мұғалім тағы бір сұрақты ортаға салды. Балалар бірінен бірі озып түсуге қызығып, ойланыңқырап отыр еді, Мереке тағы да бірінші болып қол көтерді. Қасым тағы да көзі жыпылықтап, айнала бұралаң-бұралаң етіп, партаға бұқты.

Міне, осылай әңгімеден әңгіме туындап сұрақтар қиындай берді, ал кішкентай Мереке қайсарланып солардың бәріне қол көтеріп, дұрыс жауап береді. Қасым қиын сұрақтан қорыққанынан қыпылдап түзу отыра да алмады.

— Балалар, сонымен кімді қайсар дейміз?— деп мұғалім әңгіме соңын түйіндеуге айналды.

— Қандай қиын сұрақтан қорықпаса, қасқып тұрып жауап берсе, ол қайсар ма, жоқ па?

— Қайсар.

— Ендеше бүгін біздің класта кім көп жауап берді?

— Мереке.

— Мереке қайсар,— деп балалар бірауыздан айтты. Мұны естігенде кішкентай Мереке құлағына дейін қызарып қуанып кетті. Қасым оған қызық-қандай қайта-қайта қарай береді.

— Рас, әй, Мереке қандай сұрақтан да қаймықпайды,— дейді ол қасындағы балаға.

## МАЗМҰНЫ

Қос қуаныш . . . . .	3
Оспанның ерлігі . . . . .	8
Қорықпайтын Қанат . . . . .	12
Қасиетті жалау . . . . .	15
Өкініш . . . . .	17
Кемелдің күлкісі . . . . .	19
Асыл дәрі . . . . .	21
Болашақ ұшқыш . . . . .	23
Кішкентай қонақ . . . . .	25
Қымбат сыйлық . . . . .	27
Қансонар . . . . .	29
Кім озды? . . . . .	31
Адалдық . . . . .	33
Тәтті сәбіз . . . . .	35
Дос ашуы . . . . .	36
Тұлпардың тұяғы . . . . .	38
Серт . . . . .	42
Керемет көктем . . . . .	45
Қолқанат . . . . .	48
Қайсар . . . . .	51



# ДЛЯ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Бақыт Мустафин

## СЛАДКАЯ МОРКОВЬ

рассказы

(на казахском языке)

Редактор *С. Оспанов*, Художник *О. Мил-  
веса*, Худ. редактор *К. Туркулова*, Техн.  
редактор *К. Турмбетова*, Корректор  
*Н. Досболлова*.

ИБ № 936

Сдано в набор 25.12.78. Подписано к пе-  
чати 1.06.79. Бумага тип. № 3. Формат  
60×90<sup>1/4</sup>, 3,5 п. л. 2,02 уч.-изд. л. Гарниту-  
ра школьная. Тираж 10 000 экз. Зак. 85.  
Цена 10 коп. Печать высокая. Изда-  
тельство «Жалын» Государственного Ко-  
митета Казахской ССР по делам изда-  
тельств, полиграфии и книжной торгов-  
ли, 480003, г. Алма-Ата, ул. Гоголя, 111. Поли-  
графкомбинат производственного объеди-  
нения полиграфических предприятий «XI-  
тал» Государственного комитета Казахской  
ССР по делам издательств, полиграфии и  
книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата,  
ул. Пастера, 39.